


Приставкада туындайтын қателік кезінде немесе арналар тізімі толық болмаған жағдайда:




Таңдалған топтаманың барлық арнасын көрсету үшін приставканы күйге келтіру керек. Ол үшін қашықтан басқару пультіндегі (ҚБП) **MENU** батырмасын басамыз, мүмкін болатын теңшеулер мәзірі шығады, солға немесе оңға қарай батырмалармен #1/6 **Іздеу** тармағын таңдайсыз. Іздеу терезесінен **Жылдам іздеу** дегенді таңдаймыз және **OK** басамыз.



Деректерді тексереміз. «Қала» жолында Сіздің қалаңызды таңдап (тізімде Сіздің қалаңыз болмайтын болса, «Басқа қалалар» дегенді тағдаймыз) ҚБП-дегі **OK** батырмасын басу керек. Теңшеулер дұрыс болған және кабельде сигнал болған жағдайда, төменде екі жолақ шығады: **ұзақтығы және сапа**, олар көгілдір және жасыл түсті болуы керек.



Әрі қарай **«Іздеу»** тармағын таңдаймыз және **«OK»** батырмасын басамыз. Приставканың толық күйге келтірілуін күтеміз. Іздеу аяқталғаннан кейін кескін пайда болуы керек.



Егер осының алдында іздеу дұрыс іске қосылмаған болса, **Қолданыстағы арналар жойылады деген хабарлама шығады. Жалғастыру керек пе?** Келісемін дегенді таңдап, **OK** басамыз. Приставканың толық күйге келтірілуін күтеміз. Іздеу аяқталғаннан кейін кескін пайда болуы керек.

